

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2014 жылғы «08 » тамызындағы  
№ 340 бұйрығына 2-қосымша

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми  
жобалар конкурстарын ұйымдастыру және өткізу  
ҚАҒИДАЛАРЫ**

**1. Жалпы ережелер**

**1.** Осы Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидалары (бұдан әрі – Ғылыми конкурс) Ғылыми конкурстардың ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

**2.** Ғылым мен техника бойынша Халықаралық жарыстардың Ғылыми конкурсын (Intel International Science and Engineering Fair (бұдан әрі – Intel ISEF)) жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) өткізеді.

3. Ғылыми конкурстың мақсаттары мен міндеттері:

1) оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;

2) ең талантты және дарынды жас зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету;

3) Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.

4. Ғылыми конкурстың іріктеу кезеңі халықаралық қағидалардың (Intel ISEF) талаптарына сәйкес – Ғылыми Рецензиялау Комитетімен (бұдан әрі - FPK) өткізіледі. FPK – Ғылыми конкурстың әр кезеңіндегі зандары, қаулылары және ережелері бар ғылыми жұмыстардың, сертификаттардың, ғылыми зерттеу жоспарларының, экспонаттарының бағалануына жауапты білікті мамандар тобы болып табылады.

Ғылыми конкурстың барлық деңгейлерінде ғылыми жалғандық және бүрмалауға, басқа конкурстарға бұрын-сонды ұсынылған жұмысты өз жұмысы ретінде пайдалану немесе ұсыну, жалған мәліметтер беруге жол берілмейді.

5. FPK ұсынылған жұмыстарды қарайды, бағалау критерийлары бойынша қосындылап, Ғылыми конкурсты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі республикалық ұйымдастыру комитетімен бекітілген әр жобаны рецензиялайды және қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша облыстық кезеңге, жаратылыстану - математикалық бағыт бойынша республикалық кезеңге қатысушыларды анықтайды.

6. Фылыми конкурстың қорытынды кезеңінің қазылар алқасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрімен бекітіледі.

7. Фылыми конкурсқа:

1) аталған ғылым саласындағы фактілер, оқиғалар, құбылыстар және бұрын танылмаған, ерекше жақтары көрсетілген;

2) мектеп тәжірибелерін жетілдіруге, өндірістік процесстердің тиімділігін арттыруға ықпал ететін, практикалық міндеттерді шешуге жаңалықтар әкелетін аппараттардың, модельдердің, құралдардың конструкциялары ұсынылған;

3) әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған экономикалық-зандыққа негізделген компьютерлік модельдер және жобалар ұсынылады.

8. Фылыми конкурсқа:

1) жарысқа кәмелетке толмағандар үшін рұқсат етілмейтін аспаптармен жұмыстар, жануарларға қатігездік көрсетілетін эксперименттер, адам денсаулығы мен жануарлар үшін зиян келтіретін заттармен жүргізілетін жұмыстар (улы, радиоактивтік, канцерогендік және мутагендік әсері бар зерттелмеген биологиялық белсенді қосылыстар, адам және жануарлар үшін патогенді немесе шартты патогенді заттар, микроағзалар, вирустар, ішімдік, никотин) жарысқа қатысуға жіберілмейді;

2) респубикалық жарыстарда бұрын қаралған және қорғалған жұмыстар Фылыми конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

9. Зерттеу жұмыстарын рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1) жұмыс мәтіні компьютерде басылып мынадай құрылымнан тұруы тиіс:

титул парагы;

мазмұны;

абстракт (аннотация) қазақ немесе орыс тілдерінде (зерттеу жұмысының қай тілде дайындалғанына байланысты), және ағылшын тілінде жазылады;

кіріспе;

зерттеу бөлімі;

қорытынды;

пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

2) титул парагында мыналар көрсетіледі:

жұмыс орындалған ұйымның толық атауы, қаласы, мектебі;

автордың (біріккен автордың) тегі, аты, сыныбы;

жұмыстың атауы;

жұмыстың дайындалған бағыты, секциясы;

жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты;

қаласы (жарыстың өтетін жері), жылы;

3) абстракт (аннотация) (250 сөзден артық емес) қамтылған жұмыстың қысқаша мазмұнын көрсетуі тиіс:

зерттеудің мақсаты;

гипотезасы; кезеңдері, зерттеудің реті; тәжірибелің әдістемесі; зерттеудің жаңалығы және дербестік дәрежесі; жұмыстың нәтижесі және қорытындысы; нәтижелерді практикада қолдану салалары;

4) кіріспеде (екі беттен артық емес) мыналар келтіріледі: таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігі, осы жұмыстың мақсаты (міндепті); қойылған міндептерді шешу әдісі қысқаша көрсетіледі;

5) жұмыстың зерттеу бөлімі (20 беттен кем емес) жеке тараулардан (параграфтардан) тұрады және мыналарды қамтиды:

осы жұмысты жүргізуңдің қажеттілігіне көз жеткізуге және оның мақсатын (міндептін) құрастыруға мүмкіндік беретін таңдалған тақырып бойынша белгілі нәтижелерге талдама шолу жасау;

қойылған міндептерді шешу әдістерін сипаттау;

жұмыстың нәтижелері және оларды талқылау;

суретті материалдар (сызбалар, кестелер, фотосуреттер және суреттер);

6) пайдаланылған әдебиеттерге сілтемені төртбұрышты жақшада көрсету керек. Мәтінде кездесетін сілтемелердің шығуына қарай, нөмірлеу реті болады;

7) қорытынды (бір беттен артық емес) жұмыстың негізгі нәтижелері және олардың негізінде жасалған қорытындыларын, жұмыстың нәтижелерін ғылыми және практикалық мақсаттарға пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қамтиды;

8) пайдаланылған әдебиеттер жұмыс соңында жалпы тізіммен мынадай тәртіпте беріледі:

автордың тегі және қысқартылған аты-жөні;

мақаланың және журналдың аты (журналдағы мақалалар үшін);

журналдың, кітаптың аты;

басып шығарылған орны және баспасы (кітаптар үшін);

басылған жылы, шығу нөмірі, беті;

9) әрбір жұмыста таңдалған тақырыптың өзектілігі, автордың жұмысқа сінірген жеке еңбегі, жұмыстың кемшіліктері және нәтижелерін әрі қарай пайдалану жөніндегі ұсыныстары көрсетілген жетекшінің пікірі қоса берілуі керек;

10) төртінші кезеңге (баяндамаға) 135x125 шаршы сантиметр қөлемдегі стендке орналастыру үшін демонстрациялық материалдарды жасау ұсынылады.

10. Стендті рәсімдеуге қойылатын талаптар:

стендтің жоғарғы жағына қолденеңінен абстрактын, қатысушының атын, жасын, мектебінің, қаласының, облысының атын орналастыру қажет;

стенд материалдары жұмыстың мазмұнын сипаттайтын нөмірленген кестелер, фотосуреттер, суреттер, диаграммалар енгізіліп, қорытындылары көрсетіліп, талғаммен ресімделеді;

мазмұнды дайындау кезінде негізгі назарды жоба авторының алған нәтижелерін көрсетуге аударылады.

11. Уәкілдік мүшемен бекітілген ғылыми жетекші жұмыс нәтижелері диплом жұмыстарынан, магистрлік және кандидаттық диссертациялардан, ғылыми ұжымдардың есептерінен көшірілмеген, алынған нәтижелердің нақтылығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді. Оқушы жана білім мен өз бетінше зерттеу қызметінің дағдыларына ие болып, өз қолынан келетін жұмысты орындауы керек.

## **2. Ғылыми конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

12. Зерттеу жұмыстарының тақырыптары «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығында (бұдан әрі – «Дарын» РЕПО) Intel ISEF –ке (Вашингтон, АҚШ қ.) тіркелінген жобаларды бекіту аффилендеру үшін тиісті жылдағы 20 қыркүйегінен кешікпей тіркеледі.

13. Ғылыми конкурс төрт кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең - мектепшілік, аудандық орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында өткізіледі;

2) екінші кезең - іріктеу (қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы жобаны алдын ала сараптау) облыстық білім беру ұйымдарымен өткізіледі;

3) үшінші кезең - облыстық (Алматы және Астана қалаларының білім беру ұйымдарының конкурстары, республикалық білім беру ұйымдары (бұдан әрі - РБҰ) мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары (бұдан әрі - «НЗМ» ДББҰ), мәртебесі жағынан облыстық жарыстармен теңестіріледі). Осы кезең екі турда өткізіледі; Бірінші тур - жобаны қорғау, екінші тур - бейіндеу пәндері бойынша тестілеу;

4) төртінші (қорытынды) кезең - республикалық. Осы кезең екі турда өткізіледі. Бірінші тур – іріктеу (жаратылыстану - математикалық бағыттағы жобаны алдын ала сараптау), екінші тур - жобаны қорғау.

14. Ғылыми конкурстың бірінші және екінші кезеңін өткізу мерзімі облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармалары жетекшілерінің бұйрықтарымен анықталады. Ғылыми конкурстың үшінші, төртінші кезеңдері Министрліктің бұйрығымен белгіленген мерзімде өткізіледі. Ғылыми конкурс осы Қағиданың қосымшасына сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстары өткізілетін пәндер тізбесі бойынша өткізіледі.

15. Ғылыми жетекшінің немесе оқушылардың ғылыми қоғамының ұсынуымен, ғылыми конкурстың бірінші кезеңіне 9-11 сынып оқушылары қатысады. Зерттеу жұмыстарын екі оқушыдан кем емес орындайды.

16. Екінші кезеңге бірінші кезең жүлдегерлері қатысады, олар ғылыми жетекшінің пікірін және ілеспе құжаттарды (өтінім, мектептің есебі, зерттеу журналы) ұсынады.

17. Ғылыми конкурстың қорытынды кезеңіне қатысуға үміткер үшінші кезеңінің қорытындысы бойынша неғұрлым көп балл жинаған, Астана, Алматы қалаларының, РБҰ-ның, «НЗМ» ДББҰ (әр секция бойынша екі жобадан кем емес) жүлдегерлері.

18. Үшінші кезең екі турда өткізіледі:

бірінші тур – алдын ала сараптамадан өткен жобаны қорғау;

екінші тур - осы Қағиданың қосымшасында көрсетілген жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалардың республикалық конкурсы өтетін пәндер тізіміне сәйкес сыныбына, оқыту тіліне қарай бейіндік пәнді тереңдетіп оқыту бағдарламасы бойынша тестілеу.

Әдістемелік кеңес құрастырған тестілер орындауға 2 астрономиялық сағат берілетін 60 сұрақты (120 балл) қамтиды.

Қатысушылар тестілеудің жалпы балл санынан 50%-дан төмен емес үпай жинауы тиіс. Командалық жұмыстар үшін өту балы жұмыстың авторлары жинаған балдардың орташа арифметикалық саны болып табылады.

Үшінші кезеңін қорытындылау кезінде осы Қағиданың 5 тармағына сәйкес тестілеуде алған балдары мен жобаны қорғауда алған балдары қосылады.

19. Төртінші кезеңге қатысушылардың тізімін ҚР білім вице-министрімен бекітіледі және бекітілгеннен кейін үш жұмыс күн ішінде облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары мен РБҰ, «НЗМ» ДББҰ-ның назарына жеткізіледі.

20. Төртінші кезең - зерттеу жұмысын қорғау және осы Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкес рәсімделген стенд материалын ұсыну. Жұмысты қорғау кезінде авторға (біріккен авторларға) баяндама үшін 10-15 минут беріледі.

### **3. Конкурста жеңімпаздарды марапаттау**

21. Ғылыми конкурстың облыстық кезеңінің жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

22. Республикалық кезең жеңімпаздарының саны әр секция және әр жоба бойынша Ғылыми конкурстың республикалық кезеңіне қатысушылардың жалпы санының 45 пайзының құрайды.

Ғылыми конкурстың республикалық кезеңінің жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады. I, II және III дәрежелі дипломдар саны мынадай үйлесімдікпен анықталады: III дәрежелі дипломдармен жеңімпаздардың 50%-ы, II дәрежелі дипломдармен 30%-ы, I дәрежелі дипломдармен 20%-ы марапатталады.

23. Егер бірнеше қатысушы жүлделі орындарды анықтау үшін қажетті төмен деңгейге сәйкес бірдей балл санын жинаған жағдайда, Республикалық кезеңнің жеңімпаздарының саны қазылар алқасының шешімімен көбейеді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидасына қосымша

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстары өткізілетін пәндер тізімі**

Секциясы	Пәні
1.Физика	Физика
2.Техника	Физика
3.Жер және ғарыш туралы ғылымдар	Физика
4.Математика	Математика
5.Қолданбалы математика	Математика
6.Информатика	Математика, Информатика
7.Экономика	Математика, География
8.Биология	Биология
9.Химия	Химия
10.Қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығын сақтау	Биология
11.Тарих	Дүниежүзі тарихы және Қазақстан тарихы
12.Адам және қоғам	Дүниежүзі тарихы және адам және қоғам
13.Өлкетану	География және Қазақстан тарихы
14.Әдебиет	Қазақ әдебиеті және орыс әдебиеті
15.Этномәдениеттану	Дүниежүзі тарихы және Қазақстан тарихы, Қазақ әдебиеті және орыс әдебиеті
16.Тіл білімі	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын, неміс және француз тілдері